

## «Аққұдық орта мектебі» КММ

### Қамқоршылық кеңесінің 2023 жылға арналған жұмыс жоспары

#### Қамқоршылық кеңестің мақсаты:

- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің құқықтарының сақталуын, сондай ақ білім беру ұйымына көрсетілген қаржылай көмектің жұмсалыуын қоғамдық бақылауда ұстау;
- кешенде оқу – тәрбие жұмысының материалдық-техникалық базасын нығайтуға көмектесу.

#### Қамқоршылық кеңестің жұмысының басым бағыттары:

- әлеуметтік-мәдени, сауықтыру және дамыту іс-шараларын өткізуде білім беру ұйымына көмек көрсету, сапалы білім алуға ықпал ету;
- білім алушыларды оқытудың, тәрбиелеу мен қамтамасыз етудің жайлы, қауіпсіз ортасын құру.

«Аққұдық орта мектебі» КММ  
Қамқоршылық кеңестің  
09.01.2023жыл  
мәжілісінде бекітілді

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
<b>Ұйымдастыру кезеңі</b>			
1	2023 жылға арналған қамқоршылық кеңестің жоспарын әзірлеп, бекіту.	қаңтар	Қамқоршылық кеңестің төрағасы Мектеп директоры
2	Мектептің күнделікті қызметімен танысу (білім беру үдерісін ұйымдастыру, тамақтану, әлеуметтік, мәдени, сауықтыру, білім беру іс-шараларын өткізуге көмектесу, мектеп психологының қатысуымен оқушылармен әңгімелесу)	жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
3	Қамқоршылық кеңесі құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ақпарат беруде мектеп қызметкерлеріне көмек көрсету	Үнемі	Мектеп әкімшілігі
4	Қамқоршылық кеңес анықтаған мектептің жұмысындағы кемшіліктерді жою үшін мектеп әкімшілігінің ұсынымдарын енгізу	Керек болған жағдайда	Қамқоршылық кеңестің төрағасы
5	Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының қызметкерлерімен, құқық қорғау органдарымен, діни ғалымдармен кездесіп, балалардың салауатты өмір салтын және құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында кездесулер ұйымдастыруға жәрдемдесу.	жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
<b>Қаржылық және қайырымдылық қызметі</b>			
6	Мектепке демеушілер, мектеп түлектерін тарту, мектепті дамытуға қайырымдылық көмек көрсету	жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
7	Қайырымдылық көмек көрсетуден түскен табыстарды келесі бағыттар бойынша мақсатты түрде жұмсау:- аз қамтылған оқушыларға әлеуметтік қолдау көрсету;- спортты дамыту, дарынды балаларды қолдау;	жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің мүшелері

8	Мектеп оқушыларының құқықтарын сақтау бойынша қоғамдық бақылауды жүзеге асыру	жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
9	Мектептегі медициналық көмек пен ыстық тағамның сапасына мониторинг жүргізу.	Жылына 2 рет Қазан - Наурыз	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
10	Мектеп директорларының мектептің қызметі туралы, оның ішінде жоғары сапалы білім беру қызметтерін ұсыну туралы, мектептің дамыту бағдарламасын іске асыру бойынша жұмыс нәтижелерін тыңдау.	Жылына 1 рет мамыр	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
<b>Мектеп шараларына, конференцияларға, кездесулерге, семинарларға қатысу</b>			
11	«Мектепке жол», «Қамқорлық» қайырымдылық акциялары	Тамыз - Қыркүйек, Қаңтар - Ақпан	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
12	Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардағы балаларға арналған жаңа жылдық сыйлықтар ұйымдастыру	Желтоқсан	Қамқоршылық кеңес мүшелері
13	«Таза ауыл» акциясына қатысу	Сәуір - Мамыр	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
14	Оқу жылы бойынша іс-шараларды ұйымдастыруға қатысу	жыл бойы	Қамқоршылық кеңес мүшелері
15	Мектептегі ата-аналар жиналыстарына, қоғамдық тыңдауларға қатысу	Қажеттілігі бойынша	Қамқоршылық кеңестің мүшелері, мектеп әкімшілігі
16	Педагогикалық кеңестің қорытынды аттестаттауға дайындық мәселесі бойынша жұмысына қатысу	наурыз	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, мектеп директоры
<b>Қамқоршылық кеңестің отырысы</b>			
1	1. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу 2. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы 3. Отбасы құндылықтарын насихаттау және отбасы мен мектептің өзара байланысын нығайту.	Қаңтар	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, мектеп директоры
2	1. Мектепте оқу жылының аяқталуын ұйымдастыру шаралары (салтанатты жиын, мектеп бітіру емтихандары, мектеп бітірушілер кеші) 2. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру туралы 3. Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту бойынша атқарылатын жұмыстар туралы	Мамыр	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, мектеп әкімшілігі
3	1. Мектептің ішкі тәртіп ережесін бекіту. 2. «Мектепке жол» акция қорытындысы 3. Мектеп пен ата-аналар арасындағы Үлгілік шартты келісу	Қыркүйек	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, мектеп әкімшілігі
4	1. «Қауіпсіз мектеп және бала» 2. Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын-алу. 3. Оқушылардың сабақтан тыс бос уақыттарын ұйымдастыру мәселелері 3. Қамқоршылық кеңестің жұмысын қорытындылау.	Желтоқсан	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, мектеп әкімшілігі